

**Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын
реттеу және дамыту агенттігі**

Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу

2021 жылғы қазан

Алматы, Қазақстан

Мазмұны

1. Банк секторы	5
2. Страховой сектор.....	12
3. Бағалы қағаздар нарығы	16
Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор).....	22
5. Микроқаржылық қызмет	24
6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау.....	27

Кестелердің тізімі

1.1-кесте. Банк секторының құрылымы.....	5
2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы.....	12
3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы	17
3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы	19
4.1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы	22

Суреттердің тізімі

1.1-сурет. Банктердің активтері	5
1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер	5
1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы	6
1.4-сурет. Банктердің кірістілік көрсеткіштері.....	6
1.5-сурет. Экономикаға кредиттер	7
1.6-сурет. Экономикаға кредиттер валюталар бойынша	7
1.7-сурет. Халықты кредиттеу.....	8
1.8-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер	8
1.9-сурет. Жұмыс істемейтін және мерзімі өткен қарыздар.....	10
1.10-сурет. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері.....	10
1.11-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер	10
2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері	12
2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы	12
2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капитал	13
2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі	13
2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні	14
2.6-сурет. Жасалған шарттар саны.....	14
2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні	14
2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны	14
2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері.....	15
2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтандырушылардан өтеу	15
3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру.....	16
3.2-сурет. Акциялар нарығында сауда-саттық көлемі	16
3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар	16
3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі.....	16
3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы	17
3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі	17
3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері.....	18

3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы	18
3.9-сурет. Нақтылы ұстаудың есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттардың саны	19
3.10-сурет. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері.....	20
3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы	20
4.1-сурет. Банктік емес сектор активтерінің серпіні	23
4.3-сурет. Банктік емес сектордың таза пайдасының серпіні	23
5.1-сурет. МҚҚЖҰ активтерінің серпіні	24
5.2-сурет МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні	25
5.3-сурет. МҚҚЖҰ меншік капиталының серпіні	25
5.4-сурет. Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер	25
5.5-сурет. МҚҚЖҰ несие портфелінің сапасы.....	25
6.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің саны.....	27
6.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің құрылымы	27

Кірістірмелер тізімі

1-кірістірме. Қадағалап стресс-тестілеу Ошибка! Закладка не определена.

Негізгі оқиғалар

2021 жылғы қазанда бағаның айлық өсуі 0,7%-ды құрады, қазан айында инфляцияның жылдық деңгейі 8,9% деңгейінде сақталды. Азық-түлік тауарларына бағаның өсуі құрауыштар арасында ең жоғары болып қалуда (11,3%), алайда жеміс-көкөніс өнімдерін қоспағанда, тауарлардың негізгі топтарына баға өсуінің баяулауы байқалады.

ҚРҰБ ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті 2021 жылғы 25 қазанда базалық мөлшерлемені +/- 1,00 п.т. пайыздық дәлізімен жылдық 9,75%-ға дейін 25 п.т. арттыру туралы шешім қабылдады. Шешім экономикадағы сақталып отырған проинфляциялық қысымға байланысты.

01.11.2021 ж. жағдай бойынша KASE-дегі АҚШ долларының құны бір доллар үшін 427,2 теңгені құрап, 2021 жылғы қазан айында 0,3%-ға өсті (жыл басынан – 1,5%-ға өсу).

Ұлттық Банктің ақпараты бойынша, іскерлік белсенділік индексі 50 тармақ деңгейінен жоғары көтерілді – 50,1 (қыркүйекте – 49,8). Көрсетілетін қызметтер секторында индекс – 49,7, өнеркәсіпте – 50,6, құрылыста – 49,9 (қыркүйекте – тиісінше 49,1, 50,9, 49,3) деңгейінде қалыптасты.

Тұтынушылық сұраныстың өсуі 2021 жылғы қазан айында жеделдеді. 2021 жылғы қаңтар-қазанда бөлшек сауданың нақты көлемі 2020 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 6,1%-ға өсті (2021 жылғы қаңтар-қыркүйек – 6,0%-ға өсу).

Инвестициялық белсенділіктің жақсаруы байқалуда. Мәселен, 2021 жылғы қаңтар-қазанда негізгі капиталға инвестициялар 2020 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 2,5%-ға өсті (2021 жылғы қаңтар-қыркүйек – 2,0%-ға өсу).

Банктердің кредиттік белсенділігі қазан айында аздап төмендеді. 2021 жылғы қазанда жаңадан берілген кредиттердің көлемі 2021 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2,5%-ға азайып, 1 869,4 млрд теңгені құрады. Бұл ретте банктердің экономиканы кредиттеуінің жиынтық көлемі 01.11.2021ж. жағдай бойынша 17,2 трлн теңге, 2021 жылғы қазан айында 1,4%-ға өсті (2021 жылдың басынан бергі өсім – 17,6%).

«АТФБанк» акционерлік қоғамына Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтату туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Төрағасы бірінші орынбасарының 05.10.2021ж. № 307 бұйрығына сәйкес «АТФБанк» АҚ-қа Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және ерікті түрде қайтарылуына байланысты бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берген лицензияның қолданылуы тоқтатылды.

01.10.2021ж. бастап банктер мен микроқаржы ұйымдарының (МҚҰ) қарыз алушының проблемалық берешегін реттеудің бірыңғай құқықтық режимін енгізу бөлігінде банктер және банк қызметі, сондай-ақ микроқаржылық қызмет туралы заңдарға түзетулер күшіне енді. Осы түзетулерге сәйкес мерзімі өткен берешегі бар жеке тұлғалар өз кредиттерін немесе микрокредиттерін қайта құрылымдау жөніндегі мәселелерді құқықтық ая шеңберінде азаматтардың өтініштерін қарауға міндеттелген кредиторлармен тікелей шеше алады.

1. Банк секторы¹

01.11.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторында 22 екінші деңгейдегі банк бар, оның ішінде 14 банк шет елдің қатысуымен (банктердің жалпы санынан 60,9%), оның ішінде 11 еншілес банк.


1.1-кесте. Банк секторының құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.10.2021	01.11.2021
Барлық ЕДБ	27	26	23	22
Барлық ЕДБ филиалдары	301	293	277	259
Бейрезидент-банктердің ҚР-дағы барлық өкілдіктері	19	19	19	19
ЕДБ-нің шет елдегі барлық өкілдіктері	5	4	4	4

1.1. Банктердің қаржылық көрсеткіштері

Банк секторының жиынтық активтері 01.11.2021ж. жағдай бойынша негізінен банктік қарыздардың 1,5%-ға (2021 жылдың басынан бері өсуі – 16,2%) өсуі есебінен қазан айында 1,3%-ға (2021 жылдың басынан бері өсуі – 15,5%) ұлғайып, 36 012,9 млрд теңге болды (1.1-сурет).

1.1-сурет. Банктердің активтері



1.2-сурет. Өтімділігі жоғары активтер




Екінші деңгейдегі банктердің өтімділігі жоғары активтерінің елеулі қоры бар, ол шамамен 12 229,0 млрд теңгені немесе активтердің 33,9%-ын құрайды (1.2-сурет).


2021 жылғы қазанда банк секторының міндеттемелері негізінен клиенттер салымдарының 1,1%-ға (2021 жылдың басынан бері өсуі – 17,6%) өсуі есебінен 31,5 трлн теңгеге дейін 1,0%-ға (2021 жылдың басынан бері өсуі – 15,9%) ұлғайды.

¹ Алдын ала деректер бойынша.

1.3-сурет. Банктердің міндеттемелері, капиталы



1.4-сурет. Банктердің кірістілік көрсеткіштері



Банк секторы міндеттемелерінің құрылымы негізінен банктердің жиынтық міндеттемелерінің 80,4%-ын немесе 25 348,4 млрд теңгені құрайтын депозиттік портфельмен көрсетілген. Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар және басқа банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қарыздар сияқты өзге де міндеттемелердің үлесі тиісінше 7,3% және 2,0% болды.

01.11.2021ж. жағдай бойынша банк секторының жеткілікті капитал қоры бар (1.3-сурет). Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_1) – 20,3%, меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k_2) – 24,77%, бұл жүйе бойынша орташа алғанда заңнамада белгіленген нормативтерден едәуір асады.

2021 жылғы қазан айының қорытындысы бойынша банктердің таза пайдасы 12,9%-ға өсіп, 1 043,4 млрд теңгені құрады, бұл 01.11.2021ж. жағдай бойынша осы көрсеткіштен 56% - ға көп.

Банк активтерінің рентабельділігі (ROA) 01.11.2021ж. жағдай бойынша 3,15% (01.11.2020ж. – 2,41%), капитал рентабельділігі (ROE) – 25,43% (01.11.2020ж. – 18,43%) болды (1.4-сурет).

Кредит нарығы²


01.11.2021ж. жағдай бойынша банктердің экономиканы кредиттеуінің жиынтық көлемі 2021 жылғы қазанда 1,4%-ға ұлғайып, 17 201,8 млрд теңге болды (2021 жылдың басынан бері өсуі –17,6%).

Заңды тұлғаларға берілген кредиттердің жиынтық көлемі 2021 жылғы қазанда 7 270,8 млрд теңгеге дейін 1,4%-ға төмендеді болды (2021 жылдың басынан бері өсуі –2,4%), жеке тұлғаларға кредиттердің көлемі 9 931,0 млрд теңгеге дейін 3,5%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан бері өсуі –32,0%) (1.5-сурет).


Салалар бойынша алғанда банктердің экономикаға кредиттерінің неғұрлым елеулі сомасы өнеркәсіп (жалпы көлемдегі үлесі – 14,1%), сауда (10,9%), құрылыс (3,3%) және көлік (2,6%) сияқты салаларға тиесілі.

² «Ақша-кредит және банктік статистика» бөлімінің деректері бойынша, ҚР Ұлттық Банкінің интернет-ресурсындағы (<https://nationalbank.kz/ru/loans/kredity-bankov>) «Кредит нарығы» кіші бөлімі

1.5-сурет. Экономикаға кредиттер



1.6-сурет. Экономикаға кредиттер валюталар бойынша



2021 жылғы қазанда ұлттық валютадағы кредиттер көлемі 15 410,7 млрд теңгеге дейін 2,5%-ға ұлғайды (1.6-сурет). Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 0,8%-ға, жеке тұлғаларға кредиттер 3,5%-ға өсті.

Шетел валютасындағы кредиттер көлемі 1 791,1 млрд теңгеге дейін 7,4%-ға азайды. Олардың құрылымында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 7,4%-ға азайды, жеке тұлғаларға берілген кредиттер 6,7%-ға төмендеді. Теңгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 01.11.2021ж. жағдай бойынша 89,6% (2020 жылғы желтоқсанда – 87,0%) болды.


Ұзақ мерзімді кредиттердің көлемі 2021 жылғы қазанда 14 846,2 млрд теңгеге дейін 1,5%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан бері өсуі –18,8%), қысқа мерзімді кредиттердің көлемі 2 355,6 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан бері өсуі –10,7%).

2021 жылғы қазанда жаңадан берілген кредиттердің көлемі 2021 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 2,5%-ға азайып, 1 869,4 млрд теңге болды. Бұл ретте заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2021 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 6,7%-ға азайып, 870,3 млрд теңге болды.


2021 жылғы қаңтар-қазан айларында 16 745,5 млрд теңгеге кредит берілді, бұл өткен жылғы осындай кезеңімен салыстырғанда 45,1%-ға жоғары. Оның ішінде заңды тұлғаларға кредит беру 2021 жылғы қаңтар-қазанда 16,3%-ға, жеке тұлғаларға кредит беру 97,4%-ға ұлғайды. Қарыз берудің өсуіне экономикалық ахуалдың жақсаруы ықпал етеді. Мәселен, 10 айдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ІЖӨ өсімі 3,5%-ды құрады, іскерлік белсенділік индексі оң аумаққа оралды (2021 жылғы қазанда – 50,1). Жеке тұлғаларға берілген қарыздардың өсуі тұтынушылық сұраныстың қалпына келуімен, сондай-ақ ипотекалық кредиттеуді қолдау бағдарламаларының жалғасуымен және тұрғын үй жағдайларын жақсартуға жинақталған зейнетақы қаражатын алуға берілген мүмкіндікпен негізделген.

Халыққа ипотекалық кредит беру көлемі 2021 жылғы қазанда 3,8%-ға ұлғайды және 01.11.2021ж. жағдай бойынша 3 021,4 млрд теңге болды (2021 жылдың басынан бері өсуі – 27,3%) (1.7-сурет). Азаматтардың тұтынушылық мақсаттарға кредиттері бір айда 3,5%-ға өсті, және 01.11.2021ж. жағдай бойынша олардың көлемі 5 833,2 млрд теңгеге жетті (2021 жылдың басынан бері өсуі –32,8%) (1.7-сурет).

1.7-сурет. Халықты кредиттеу



1.8-сурет. Теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер



2021 жылғы қазанда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 12,0% (2020 жылғы желтоқсанда – 11,4%), жеке тұлғаларға – 18,1% (2020 жылғы желтоқсанда – 14,9%) болды (1.8-сурет).

1-кірістірме. Қадағалап стресс-тестілеу

Банк секторының қаржылық орнықтылығын одан әрі қамтамасыз ету мақсатында Агенттіктің негізгі басымдығы 2021 жылы активтер сапасын бағалау (AQR) элементтерін және банктерді стресс-тестілеуді қадағалау процесіне шоғырландыру арқылы тәуекелге бағдарланған қадағалау құралдарын кеңейтуге бағытталды. Бұл тәсілді Еуропалық Орталық Банк кешенді бағалау процесі (Comprehensive Assessment) шеңберінде қолданады және ықтимал күйзелістердің банктердің баланстарына әсерін және банктердің капитал қоры есебінен әлеуетті тәуекелдерді жинақтау мүмкіндігін көрсетеді.

AQR және стресс-тест шеңберінде банктің балансындағы активтерді дұрыс көрсетуіне және банк орнықтылығының экономикалық ахуалдың әлеуетті қолайсыз дамуына талдау орындалады. AQR нәтижелері, атап айтқанда, дефолт ықтималдылығының өзекті мәні, дефолт жағдайындағы шығын деңгейі, қарыздарды кезеңдер бойынша бөлу және портфельдердің өзге де тәуекел-метрикалары кейіннен қадағалап стресс-тестілеу жүргізу үшін шығыс ақпарат ретінде пайдаланылады.

Агенттік қадағалап стресс-тестілеу аясындағы банктердің тізбесі туралы жыл сайын шешім қабылдайды, ол AQR өлшемімен сәйкес келуге тиіс. Өлшемді айқындау үшін сандық өлшемшарт сапасы ретінде банк активтерінің мөлшері пайдаланылады. Агенттік банк секторы үшін олардың тәуекелдерінің маңыздылығын ескере отырып, жекелеген банктерді қосу (алып тастау) мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Еуропалық Орталық Банктің тәжірибесі бойынша қадағалап стресс-тестілеу қатысушыларының аясына банк жүйесі активтерінің 80%-нан аспайтын өтеуді қамтамасыз ететін банктер кіретін болады.

2021 жылы қадағалап стресс-тестілеу банктердің шектеулі санының қатысуымен пилоттық режимде жүргізілді, бұл Агенттікке және банктерге төмендетілген жүктемемен процесті өңдеуге, процеске қатысушылардан кері байланыс алуға және стресс-тестілеудің нысаналы моделін нақтылауға мүмкіндік береді.

Қадағалап стресс-тестілеу мақсатында барлық банктер үшін базалық және стрестік сценарийлер пайдаланылады, олар қаралып отырған кезеңде Агенттіктің және ҚҰБ-тың экономикадағы және банк секторындағы оқиғалардың ықтимал дамуына қатысты күтулері болап табылмайды. ҚСТ базалық сценарийі түрлі сарапшылар және/немесе мекемелер жасаған бірнеше базалық сценарийлер негізінде консенсус-болжам ұсынады. Стрестік сценарий гипотетикалық дағдарысты сипаттайды және қаржы жүйесінің орнықтылығын қолайсыз жағдайларда бағалау үшін қолданылады.

Қадағалап стресс-тестілеу процесі 2 кезеңде (top-down және bottom-up) өтетін болады, олардың шеңберінде банктердің нәтижелері (bottom-up) Агенттік әзірлеген тексеру модельдерін (top-down) пайдалану арқылы тексеріледі. Қадағалап стресс-тестілеу Агенттікке және банктерге негізгі тәуекелдерді жақсы түсінуге және банктердің дағдарыс жағдайларына тұрақтылығын бағалауға көмектеседі. Атап айтқанда, Агенттік ықтимал дағдарыстың банктердің баланстарына және капитал жеткіліктілігіне ықпалын бағалауды жүргізеді.


Әлемдік практикада қадағалап стресс-тестілеу банк секторының орнықтылығын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады және ықтимал дағдарыс және реттеушінің әлеуетті тәуекелдері бар екендігі туралы ақпараттандыру жағдайында банктер капиталдың жеткілікті қорын қолдау үшін пайдаланады.

Қадағалап стресс-тестілеуді барлық дүниежүзінде Банктерді қадағалаудың еуропалық қызметі, Еуропалық Орталық банк, АҚШ-тың Федеральдық Резервтік Жүйесі, Англия банкі және Ресей Банкі сияқты қаржы реттеушілері белсенді түрде қолданады.

Кредиттік портфельдің сапасы, провизиялар³

01.11.2021ж. жағдай бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің кредиттік портфельдің жалпы көлеміндегі үлесі 2021 жылғы қыркүйекте 0,3%-ға азайып, 4,0% (2021 жылдың басында – 6,9%) болды. Жеке тұлғалардың қарыздар портфелінде 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар деңгейі 3,9% (01.01.2021ж. – 5,4%), ШОБ ескере отырып заңды тұлғалардың портфелінде – 4,4% (01.01.2021ж. – 8,6%) болды (1.9-сурет).

1.9-сурет. Жұмыс істемейтін және мерзімі өткен қарыздар




01.11.2021ж. жағдай бойынша банктердің несие портфелінің жалпы көлеміндегі мерзімі өткен қарыздардың үлесі 6,4% (жылдың басында – 9,7%) болды (1.9-сурет).


90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттерді провизиялармен өтеу деңгейі 74,1% болды.

1.2. Депозит нарығы⁴

1.10-сурет. Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттері



1.11-сурет. Теңгемен депозиттер бойынша мөлшерлемелер



Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің көлемі 01.11.2021ж. жағдай бойынша 2021 жылғы қазанда 0,6%-ға (2021 жылдың басынан бастап 17,8%-ға өсті) ұлғайып, 26 011,3 млрд теңге болды. Заңды тұлғалардың депозиттері 2021 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 13 549,5 млрд теңгеге дейін 0,4%-ға (2021 жылдың басынан бастап өсу – 19,9%) ұлғайды, жеке тұлғалардың депозиттері 12 461,7 млрд теңгеге дейін 0,7%-ға (2021 жылдың басынан бастап өсу – 15,5%) ұлғайды (1.11-сурет).

³ Алдын ала деректер бойынша, ЕДБ реттеушілік есептілігіне сәйкес

⁴ Ұлттық Банк сайтының «Монетарлық статистика» бөлімінде ұсынылған «Депозиттік ұйымдардағы депозиттер» кестесінің негізінде (<https://nationalbank.kz/ru/depositoryorganizationsdeposits/depositiv-v-depositnyh-organizaciyah->)

Ұлттық валютадағы депозиттердің көлемі 2021 жылғы қазанда 1,6%-ға ұлғайды және 01.11.2021ж. жағдай бойынша 16 755,1 млрд теңге (2021 жылдың басынан бастап 20,9%-ға өсті) болды, шетел валютасымен 9 256,1 млрд теңгеге дейін 1,2%-ға (2021 жылдың басынан бастап өсу – 12,4%) азайды. Нәтижесінде долларландыру деңгейі 01.11.2021ж. 35,6% (01.11.2020ж. – 40,8%) болды.

Заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы депозиттері 2021 жылғы қазанда 8 515,9 млрд теңгеге дейін 1,8%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 5 033,7 млрд теңгеге дейін 1,9%-ға азайды, бұл заңды тұлғалар депозиттерінің 37,2%-ын құрайды. Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері 8 239,2 млрд теңгеге дейін 1,3%-ға ұлғайды, шетел валютасымен 4 222,5 млрд теңгеге дейін 0,4%-ға азайып, жеке тұлғалардың депозиттерінен 33,9% болды.

Мерзімді депозиттер көлемі 2021 жылғы қазанда 2,3%-а ұлғайып, (2021 жылдың басынан бастап өсу – 18,9%) 18 166,4 млрд теңге болды. Олардың құрылымында ұлттық валютадағы салымдар 11 888,2 млрд теңге, шетел валютасымен – 6 278,2 млрд теңге болды.

Банктік емес заңды тұлғалардың ұлттық валютадағы мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 7,5% (2020 жылғы желтоқсанда – 7,3%), жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 8,4% (2020 жылғы желтоқсанда – 9,2%) болды (1.11-сурет).

1.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылғы қазан айының ішінде екінші деңгейдегі банктерге қатысты анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша:

Қазақстан Республикасының банк заңнамасын бұза отырып, операциялар мен мәмілелерді жүзеге асырғаны; клиенттермен жасалатын шарттарда дәйекті, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесін көрсету бойынша, сондай-ақ қарыздар мен салымдар (банкаралықты қоспағанда) бойынша сыйақы мөлшерлері туралы ақпаратты тарату кезінде міндеттерді орындамағаны; КЖТҚК туралы заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты ұсынбағаны, уақтылы ұсынбағаны, Қазақстан Республикасының кредиттік бюро туралы заңнамасына сәйкес ұсынылуы талап етілетін кредиттік тарих субъектісінен алынған мәліметтерді кредиттік бюроға уақтылы ұсынбағаны үшін 52,6 млн теңге сомаға 173 әкімшілік жазалау шаралары қолданылды;

Төлем қызметтері туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларына сәйкес дәйексіз есептер ұсынғаны үшін қадағалап ден қоюдың 3 ұсынымдық шарасы қолданылды.

1.4. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы қазан айында Агенттік екінші деңгейдегі банктің 3 басшы қызметкерін келісті.

2. Сақтандыру секторы

01.11.2021 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 27 сақтандыру ұйымы бар, оның ішінде 9 – өмірді сақтандыру бойынша (2.1-кесте).


2.1-кесте. Сақтандыру секторының құрылымы

	01.01.2020	01.01.2021	01.10.2021	01.11.2021
Барлық сақтандыру ұйымдары	28	28	27	27
- жалпы сақтандыру бойынша	20	19	18	18
- өмірді сақтандыру бойынша	8	9	9	9
Сақтандыру брокерлері	13	12	10	10
Актuariйлер	57	58	59	60


2.1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық көрсеткіштері

2021 жылғы қазанда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 1,6%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан 17,5%-ға өсу) және 01.11.2021ж. жағдай бойынша 1 746 млрд теңге немесе ІЖӨ-нің 2,34%-ын құрады (2.1-сурет). Активтердің ұлғаюы негізінен сақтандыру сыйлықақыларының өсуі және оларды бағалы қағаздарға инвестициялау есебінен болады.

2.1-сурет. Сақтандыру ұйымдарының активтері



2.2-сурет. Сақтандыру ұйымдары активтерінің құрылымы



Активтер құрылымында ең көп үлесті (жиынтық активтердің 73%-ы) бағалы қағаздар құрайды – 1 274 млрд теңге, олар 2021 жылғы қазанда 2,8%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан 23,4%-ға өсу) (2.2-сурет).

Екінші деңгейдегі банктерге орналастырылған ақша қаражаты және салымдар 2021 жылғы қазанда 2,7%-ға ұлғайып 202 млрд теңге (жиынтық активтердің 11,6%-ы) болды (2021 жылдың басынан 5,8%-ға төмендеу).

01.11.2021ж. жағдай бойынша қайта сақтандыру активтері 2021 жылғы қазанда 7,1%-ға азайып (2021 жылдың басынан 3,5%-ға өсу) 69 млрд теңге (жиынтық активтердің 3,9%-ы).

Сақтандыру дебиторлық берешек 2021 жылғы қыркүйекте 5,7%-ға азайып (2021 жылдың басынан 55,7 %-ға өсу), 56 млрд теңге (жиынтық активтердің 3,2%) болды.


Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелері 2021 жылғы қазанда 2,1%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан 24,1 %-ға өсу) және 01.11.2021ж. жағдай бойынша 1 трлн теңге болды. Міндеттемелердің ұлғаюы, негізінен, сақтандыру резервтерінің ұлғаюы

2021 жылғы қазандағы Қазақстан Республикасының қаржы секторына шолу


есебінен болды.

Міндеттемелер құрылымындағы ең үлкен үлес (жиынтық міндеттемелердің 84,1%-ы) 856 млрд теңге сомада сақтандыру резервтеріне тиесілі. 2021 жылғы қазанда сақтандыру резервтері, негізінен, зияндар резервінің ұлғаюы есебінен 1%-ға ұлғайды (2021 жылдың басынан 24,8 %-ға өсу) (2.3-сурет).

2.3-сурет. Сақтандыру ұйымдарының резервтері және капитал



2.4-сурет. Сақтандыру секторының кірістілігі



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы 01.11.2021ж. жағдай бойынша 2021 жылғы қазанда 0,9%-ға ұлғайып, 727 млрд теңге болды (2021 жылдың басынан 9,3 %-ға өсу) (2.3-сурет).

Сақтандыру секторының, негізінен, сақтандыру қызметінен түскен кірістер есебінен алынған таза пайдасы 2021 жылғы қазанда 7,6 млрд теңге болды (2021 жылдың басынан 98,3 %-ға өсу) (2.4-сурет).

2.2. Сақтандыру сыйлықақылары, төлемдері

2021 жылы қазан айында сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 46,8 млрд теңгеге ұлғайды (2.5-сурет) және 2021 жылдың 10 айының ішінде 569 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 36,9%-ға артық (2.9-сурет). Тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 43,1 млрд теңгеге ұлғайды және 2021 жылдың 10 айының ішінде 519,4 млрд теңге құрады.


2021 жылғы қазанда міндетті сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 11 млрд теңгеге ұлғайды және 2021 жылдың 10 айының ішінде 108 млрд теңге құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 20,1%-ға артық. Өсу, негізінен, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша (21,7%-ға ұлғаю) байқалады.

2021 жылғы қазанда ерікті жеке сақтандыру бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 22 млрд теңгеге ұлғайды және 2021 жылдың 10 айының ішінде 245 млрд теңге құрады, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 58,7%-ға артық. Өсу, негізінен, өмірді сақтандыру сыныбы бойынша және зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары жиынының 92,2%-ға және тиісінше 28,6% -ға ұлғаюына байланысты болды.


Ерікті мүлктік сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 2021 жылғы қазанда 14 млрд теңгеге, 2021 жылдың 10 айының ішінде 216 млрд теңгеге дейін ұлғайды, бұл өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 26,1%-ға артық. Өсу, негізінен, мүлктік зияннан

сақтандыру бойынша жиналған сыйлықақылардың 23,3%-ға және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша 96,3%-ға ұлғаюына байланысты болды.

2.5-сурет. Сақтандыру сыйлықақыларының серпіні




2.6-сурет. Жасалған шарттар саны




2021 жылғы қазанда жеке және заңды тұлғалар бойынша жасалған сақтандыру шарттарының саны өткен аймен салыстырғанда 1,1%-ға ұлғайды. 2021 жылғы 10 ай бойынша жасалған шарттардың саны 9 728 539 шартты құрады, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 34,6%-ға көп. Бұл өсу, негізінен, КҚИ АҚЖМС бойынша жасалған сақтандыру шарттары санының 14%-ға ұлғаюына, туристі сақтандыру шарттарының 3,8 есеге, өмірді сақтандыру шарттарының 49,8%-ға және жазатайым жағдайлардан сақтандыру шарттарының 2,2 есеге ұлғаюына негізделген.

2021 жылғы қазандағы жағдай бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 10 млрд теңгені (2.7-сурет), 2021 жылдың 10 айы бойынша – 98,5 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 20,3-ға аз (2.8 және 2.9-суреттер).

2.7-сурет. Сақтандыру төлемдерінің серпіні



2.8-сурет. Сақтандыру төлемдерінің саны



Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері 4 млрд теңге сомаға, ал 2021жылдың 10 айы бойынша 36 млрд теңге сомаға жүзеге асырылды, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 27,9%-ға көп. Ұлғаю негізінен келесі сақтандыру сыныптары есебінен:


- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бойынша;
- қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру бойынша ұлғаюы байқалады.

Ерікті жеке сақтандыру бойынша 2021 жылғы қазан бойынша сақтандыру төлемдері 4 млрд теңге сомаға жүзеге асырылды. 2021 жылдың 10 айы бойынша төлемдер көлемі 38


млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 10,7% -ға көп. Өсу негізінен зейнетақы аннуитеті және науқастану жағдайын сақтандыру шарттары бойынша төлемдердің ұлғаюына байланысты болды.

Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша 2021 жылғы қазанда 2 млрд теңге сомаға сақтандыру төлемдері жүзеге асырылды. 2021 жылдың 10 айы бойынша төлемдердің көлемі 25 млрд теңге болды, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 59,8%-ға аз. Азаю, бұл өзге қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша 2020 жылы ірі залал бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша шығыстың болуына байланысты.

2.9-сурет. Сақтандыру сыйлықақылары/төлемдері



2.10-сурет. Қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылар және қайта сақтандырушылардан өтеу



2.3. Қайта сақтандыру статистикасы

2021 жылғы қазан бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары 2,7 млрд теңгеге ұлғайды және 2021 жылғы 10 ай бойынша 88,2 млрд теңге болды, бұл сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 15,5%-ын құрады (2.10-сурет). 01.11.2021ж. жағдай бойынша сақтандыру сыйлықақыларының негізгі бөлігі Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне қайта сақтандыруға берілді – 91,8% немесе 81,0 млрд теңге, оның ішінде негізгі көлемі – Ұлыбританияның Біріккен Корольдігіне берілді.

2021 жылғы қазан бойынша қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру сыйлықақыларын қабылдады, ол 4,1 млрд теңгеге және 2021 жылғы 10 ай бойынша 56,3 млрд теңге сомаға ұлғайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2021 жылғы 10 ай бойынша 49,7 млрд теңгені құрайды.

2021ж. қазанда қайта сақтандыруға берілген тәуекелдер бойынша шығыстарды өтеу 400 млн теңгені, 2021 жылғы 10 ай бойынша – 6,3 млрд теңгені немесе осы кезеңдегі жиынтық сақтандыру төлемдерінің 6,4% -ын құрады.

2.4. Қолданылған қадағалап ден қою шаралары және санкциялар

2021 жылғы қазанда сақтандыру нарығының субъектілеріне қатысты 1 қадағалап ден қою шарасы, 2 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы және 1 әкімшілік өндіріп алу қолданылды.

2.5. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы қазанда Агенттік басшы қызметкерлерді сайлауға (тағайындауға) 3 келісім және актуарлық қызметті жүзеге асыруға 1 лицензия берді.


3. Бағалы қағаздар нарығы

3.1. Акциялар нарығы


01.11.2021ж. жағдай бойынша акциялар нарығын капиталдандыру 2021 жылғы қазанда 13,7%-ға ұлғайып, 32,9 трлн теңге болды (2021 жылдың басынан бастап өсу – 72,7%) (3.1-сурет).

2021 жылғы қазанда акциялармен сауда-саттық көлемі ағымдағы жылғы қыркүйекте акциялармен сауда-саттық көлеміне қатысты 88,7%-ға азайып 9,9 млрд теңгені құрады (3.2-сурет). 2021 жылғы қыркүйекте акциялармен сауда-саттық көлемі 2021 жылғы тамыз бойынша акциялармен сауда-саттық көлеміне қатысты 7,3 есеге немесе 75,3 млрд теңгеге ұлғайды, бұл негізінен «Қазақтелеком» АҚ-тың «Кселл» АҚ-тың 24% акциясын өткізу шешіміне байланысты болды.

3.1-сурет. Акциялар нарығын капиталдандыру



3.2-сурет. Акциялар нарығында сауда-саттық көлемі




01.11.2021ж. жағдай бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – KASE) сауда тізімдерінде 121 эмитенттің 136 акциясы болды, олардың 4 шығарылымы секторда айналысқа жіберілген листингтік емес бағалы қағаздар. Есепті айда KASE-нің ресми тізіміне жаңа акциялар енгізілген жоқ.

2021 жылғы қазанда KASE индексі индекстік акциялар құнының өсуі есебінен 3 751,85 тармаққа дейін 10,9%-ға өсті (2021 жылдың басынан бастап өсу – 40,2%).


3.2. Облигациялар нарығы

KASE-де саудаланатын корпоративтік борыштың көлемі 2021 жылғы қазанда 1,2%-ға ұлғайып, 14,4 трлн теңгені құрады (2021 жылдың басынан бастап 2,0%-ға төмендеу) (3.3-сурет).

3.3-сурет. Айналыстағы облигациялар



3.4-сурет. Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда-саттық көлемі



01.11.2021ж. KASE-нің сауда-саттық тізімінде 76 эмитенттің шығарған 318 корпоративтік облигациялары болды.

KASE-де корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 27%-ға ұлғайды және өткен есепті аймен салыстырғанда бастапқы нарықта мәмілелер үлесінің ұлғаюы есебінен 243,4 млрд теңгені құрады (3.4-сурет).

2021 жылғы қазанда 156,1 млрд теңге жалпы сомаға облигациялардың 7 шығарылымы орналастырылды, оның 93,8%-ы квазимемлекеттік сектор компанияларына тиесілі.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бөлігінде банктердің үлесі 1,6%-ды, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 6,6%-ды, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 7,9%-ды, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 78,7%-ды, жеке тұлғалардың үлесі – 5,2%-ды құрады. Бейрезиденттердің үлесі 18,4%-ды құрады.

3.3. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы


KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы 01.10.2021 жылғы көрсеткішке қатысты 2,6%-ға ұлғайып, 01.11.2021ж. 18,1 трлн теңгені құрады (3.5-сурет).

2021 жылғы қазанның қорытындысы бойынша KASE-де мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2021 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 27,7%-ға немесе 59,4 млрд теңгеге ұлғайып, 274 млрд теңгені құрады (3.6-сурет).


2021 жылғы қазанда мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 240,2 млрд теңгені құрады, оның 82,5%-ы немесе 198,1 млрд теңгесі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға арналған.

Инвесторлардың қайталама нарықта банктердің үлесіне 28%, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне – 12,1%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне – 2,2% тиесілі болды, өзге заңды тұлғалардың үлесі 56,4%-ды, жеке тұлғалардың үлесі 1,3%-ды құрады. Бейрезиденттердің қатысуы 1,5%-ға бағаланады.

3.5-сурет. Номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы



3.6-сурет. Мемлекеттік бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі



3.4. Ұжымдық инвестициялар нарығы

01.11.2021ж. жағдай бойынша бағалы қағаздар нарығында 38 инвестициялық пай қоры жұмыс істеді, оның ішінде 22 аралық, 15 жабық және 1 ашық. 2021 жылғы қазанда 1 жабық инвестициялық пай қоры жабылды (3.1-кесте).

3.1-кесте. Ұжымдық инвестициялар нарығының құрылымы

	01.01.20	01.01.21	01.10.21	01.11.21
Инвестициялық қорлар	58	55	58	56

Пай қорлары, оның ішінде	39	35	39	38
ИАПҚ, АИПҚ	24	21	23	23
ТИЖИПҚ	15	14	16	15
Акционерлік қоғамдар, оның ішінде	19	20	19	18
Тәуекелді	8	8	8	7


Ұжымдық инвестициялар нарығында басқарудағы активтердің жиынтық көлемі 01.11.2021 ж. 470,96 млрд теңгені құрады және өткен аймен салыстырғанда 8,5%-ға ұлғайды. Бұл ұлғаю, ең алдымен, инвестициялық пай қорларын орналастыру арқылы инвесторлардың тартылған активтері есебінен болды (3.7-сурет).

01.11.2021ж. жағдай бойынша жиынтық активтер құрылымындағы ақша қаражаты 01.10.2021 ж. деректермен салыстырғанда 58%-ға азайып, 16,1 млрд теңгені құрайды (2021 жылдың басынан 42%-ға азайды). Өз кезегінде банктердегі салымдар 944%-ға өсті (өсім жылдың басынан бері 439%) және 01.11.2021ж. жағдай бойынша 10,4 млрд теңгені құрады.


01.11.2021ж. инвестициялық пай қорларының негізгі активі бағалы қағаздардың портфелі болып табылады және 414 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 87,9%-ын құрайды, бұл ретте портфельдің 98,7%-ы шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздардан тұрады.

01.11.2021ж. жағдай бойынша инвестициялық пай қорлары портфеліндегі бейрезидент-эмитенттердің бағалы қағаздары 319,5 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 67,8%-ын, ҚР бейрезидент-эмитенттерінің бағалы қағаздары – 64 млрд теңгені немесе жиынтық активтердің 13,6%-ын құрады (3.8-сурет). Сондай-ақ активтердің құрамында 18,2 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 3,9%-ы мөлшерінде шетелдік инвестициялық қорлардың пайлары бар (3.8-сурет).

3.7-сурет. Инвестициялық пай қорларының активтері



3.8-сурет. Инвестициялық пай қорлары активтерінің құрылымы



01.11.2021ж. жағдай бойынша пайларды ұстаушылардың саны 5 041 жеке тұлғаны және 63 заңды тұлғаны құрады, олардың 41%-ын валюталық инвестициялық қорлардың пайларын ұстаушылар құрайды. Өткен аймен салыстырғанда пай ұстаушылар саны 513-ке (+1 заңды тұлға, +514 жеке тұлғаға) артты, бұл ретте 2021 жылдың басынан бері пай ұстаушылар саны 3 597-ға (+6 заңды тұлға, +3 591 жеке тұлғалар) ұлғайды.

3.5. Бағалы қағаздар нарығының институционалдық құрылымы

01.11.2021ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығын 36 брокер және (немесе) дилер (16 банк және 20 банктік емес ұйым), 9 кастодиан банк, 19 инвестициялық портфельді басқарушы, 3 трансфер-агент, сондай-ақ бірыңғай тіркеуші және сауда репозиторийі функцияларын орындайтын 2 инфрақұрылымдық ұйым: «Қазақстан қор

биржасы» АҚ және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ұсынды (3.2-кесте).

Бұдан басқа «Қазақстан қор биржасы» АҚ базасында орталық контрагент жұмыс істейді.


01.10.2021 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда «АТФБанк» АҚ-тың («First Heartland Jusan Bank» АҚ ЕБ) банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және брокерлік және дилерлік қызметті және кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензияларды ерікті түрде қайтаруына байланысты бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиялар саны 70-ке дейін азайды.

3.2-кесте. Бағалы қағаздар нарығының құрылымы

	01.01.20	01.01.21	01.10.21	01.11.21
Барлығы брокер-дилерлер, оның ішінде:	39	38	37	36
Банктер	19	18	17	16
оның ішінде I санат	15	15	14	13
Банктік емес ұйымдар	20	20	20	20
оның ішінде I санат	20	20	20	20
Кастодиандар	9	9	10	9
Инвестициялық портфельді	20	19	19	19
Трансфер-агенттер	2	2	3	3
Бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушы	1	1	1	1
БҚН-да қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызмет	1	1	1	1
Бағалы қағаздар орталық депозитарийі	1	1	1	1
Жиынтығы	73	71	72	70

Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде депоненттер клиенттерінің 208 676 қосалқы шоттары ашылды (3.9-сурет), оның ішінде 178 452 (85,5%) қосалқы шот төрт депонент: «Фридом Финанс» АҚ, «Halyk Finance» ҚХБ ЕҰ» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «CAIFC INVESTMENT GROUP» АҚ клиенттеріне тиесілі. Осылайша, 2021 жылғы қазанда қосалқы шоттардың саны негізінен «Halyk Finance» ҚҰБ ЕҰ» АҚ пен «First Heartland Jusan Invest» АҚ клиенттік базасын ұлғайту есебінен 7 869 (3,9%) артты.


3.9-сурет. Нақтылы ұстаудың есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттардың саны




3.6. Брокерлер және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері⁵

01.11.2021ж. брокерлердің және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық активтері 01.10.2021ж. көрсеткішпен салыстырғанда 16,3%-ға ұлғайып, 503,6 млрд теңгені құрады (3.10-сурет). 01.11.2021ж. жағдай бойынша брокерлер және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымында негізгі үлесті 333,0 млрд теңге немесе жиынтық активтердің 66,1%-ы мөлшерінде бағалы қағаздар алады (3.11-сурет). 01.10.2021ж. салыстырғанда бағалы қағаздар портфелі негізінен кәсіби қатысушылардың бірінің портфельді ұлғайтуы нәтижесінде (2021 жылдың басынан бері өсім – 25,2%) 31,3 млрд теңгеге немесе 10,4% -ға артты.

3.10-сурет. Брокерлердің және (немесе) дилерлердің және инвестициялық портфельді басқарушылардың қаржылық көрсеткіштері



3.11-сурет. Брокерлер және (немесе) дилерлер және инвестициялық портфельді басқарушылар активтерінің құрылымы



Міндеттемелердің жиынтық көлемі алдыңғы аймен салыстырғанда 5,3%-ға артып, 137,5 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басынан өсім-19,4%) (3.10-сурет).

Брокерлердің және (немесе) дилерлер мен инвестициялық портфельді басқарушылардың меншікті капиталы бір айда негізінен жекелеген кәсіби қатысушылардың жарғылық капиталды толықтыруы есебінен 21,0%-ға ұлғайып, 366,1 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басынан бері өсім - 23,8%).

3.7. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылғы қазанда бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты 3 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы қолданылды (2 жазбаша нұсқама, 1 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы), 1 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты қадағалап ден қою шараларын қолдануға әкеп соққан негізгі бұзушылықтар – инспекциялық тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметті реттейтін заңнама талаптарының, жалған ақпарат пен мәліметтер ұсынуға қатысты бұзылуы болып табылды.

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты 2021 жылғы қазанда 2 шектеулі ықпал ету шарасы (1 жазбаша ескерту және 1 жазбаша ұйғарым) қолданылды, 3 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды.

⁵ ЕДБ есепке алмағанда, қаржылық көрсеткіштер бойынша ақпарат

Бағалы қағаздар эмитенттеріне қатысты шектеулі ықпал ету шараларын және санкциялар қолдануға әкеп соққан негізгі бұзушылықтар өз қызметі туралы ақпаратты ашуды реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау болып табылды.

3.8. Рұқсат беру қызметі

2021 жылғы қазанда Агенттік бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың 4 басшы қызметкерін келісті.

4. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (банктік емес сектор)

01.10.21ж. жағдай бойынша Қазақстан Республикасы банктік емес секторының құрылымында 2 ипотекалық ұйым және 4 банктік емес ұйым бар (4.1-кесте).

4.1-кесте. Банктік емес сектордың құрылымы

	01.01.2020	01.10.2020	01.01.2021	01.07.2021	01.10.2021
Ипотекалық ұйымдар	3	2	2	2	2
Банктік емес ұйымдар, оның ішінде:	4	4	4	4	4
Жалғыз акционері агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг болып табылатын ұйымдар	3	3	3	3	3
Ұлттық пошта операторы	1	1	1	1	1

4.1. Банктік емес ұйымдардың қаржылық көрсеткіштері

2021 жылғы үшінші тоқсанның нәтижелері бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық активтері 2021 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 3,9%-ға артып 1 414,5 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басымен салыстырғанда активтер 14,7%-ға артты).

Банктік емес ұйымдар активтерінің жалпы сомасында заңды және жеке тұлғаларға берілген қарыздар 52,8%-ды құрайды (747,3 млрд теңге), қаржылық жалдау – 23,7% (335,1 млрд теңге) және ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламалары – 11,9% (168,5 млрд теңге).


Ипотекалық ұйымдардың активтері 2021 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 0,3%-ға артып, 1 387,8 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басымен салыстырғанда ипотекалық ұйымдардың активтері 0,8%-ға артты).

Ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымында клиенттерге берілген қарыздар айтарлықтай үлесті алады – 21,1% (292,9 млрд теңге), бағалы қағаздар – 59,7% (828,1 млрд теңге).


Банктік емес ұйымдардың жиынтық міндеттемелері 8,3%-ға 964,1 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2021 жылдың басымен салыстырғанда міндеттемелер 18,0%-ға өсті). Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері 0,2%-ға азайды және 1 167,1 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басымен салыстырғанда міндеттемелер 0,6%-ға азайды).

Банктік емес ұйымдардың балансы бойынша меншікті капитал 2021 жылғы екінші тоқсанмен салыстырғанда 4,3%-ға, 450,4 млрд теңгеге дейін азайды (2021 жылдың басымен салыстырғанда капитал 8,1%-ға ұлғайды). Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы баланс бойынша 2,9%-ға ұлғайып, 220,4 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басымен салыстырғанда 9,3%-ға өсті).

4.1-сурет. Банктік емес сектор активтерінің серпіні



4.2-сурет. Банктік емес сектордың несиелік портфелінің серпіні



4.2. Несиелік портфелі

01.10.21ж. жағдай бойынша банктік емес ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі (қаржылық жалдауды ескере отырып) 1 210,0 млрд теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлес салмағы 12,7%-ды (немесе 154,0 млрд теңгені) құрады. Негізгі борыш және/немесе есептелген сыйақы бойынша мерзімі 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 01.10.21ж. 99,9 млрд теңгені немесе банктік емес ұйымдардың жиынтық несиелік портфелінің 8,3%-ын құрады.


Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 384,5 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылдың екінші тоқсанында қалыптасқан көрсеткіштен 26,6%-ға артық.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі мерзімі өткен берешегі бар қарыздардың үлес салмағы 9,0% (немесе 34,6 млрд теңгені) құрады. Мерзімі 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар есепті күнге 11,9 млрд теңгені немесе несиелік портфелінің 3,1%-ын құрады.

4.3. Қаржылық нәтижелер

01.10.2021ж. жағдай бойынша банктік емес ұйымдар 24,0 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды. Ипотекалық ұйымдар 24,8 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды.

4.3-сурет. Банктік емес сектордың таза пайдасының серпіні



5. Микроқаржылық қызмет

5.1. Микроқаржы ұйымдарының қаржы көрсеткіштері

Активтер, міндеттемелер, капитал ⁶


01.10.2021ж. жағдай бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі – МҚҚЖҰ) активтері 1 500,8 млрд теңгені құрады (2021 жылдың басы үшін – 1 226 млрд теңге), 2021 жылдың басынан 6,0%-ға (жылдың басынан 22,4%-ға) ұлғайды. Салыстыру үшін МҚҚЖҰ активтері банктік сектордың жиынтық активтерінің 3,7% құрады.

МҚҚЖҰ құрылымындағы ең көп үлесті микроқаржы ұйымдары – 714,7 млрд теңге немесе 47,6%, кредиттік серіктестіктер 579,5 млрд теңге немесе 38,6%, ломбардтар – 206,6 млрд теңге немесе 13,8% алады.

01.10.2021ж. жағдай бойынша микроқаржы секторының жиынтық активтеріндегі анағұрлым көп үлесті 1 286,4 млрд теңге сомасында берілген микрокредиттер (құнсыздануға резервтерді шегергенде) алады - 85,7%, тоқсан үшін – 5,8%-ға (2021 жылдың басынан 23,9%-ға) ұлғайды.

Микроқаржылық ұйымдар және кредиттік серіктестіктер ұсынған қарыздар (микрокредиттер), (құнсыздануға резервтерді шегергенде) сәйкесінше 594,5 млрд теңгені (83,2%) және 550,9 млрд теңгені (95,1%) құрады. Бұл ретте ломбардтар және онлайн кредиторлар активтеріндегі несиелік портфельді құнсыздануға резервтерді шегергенде сәйкесінше 141,0 млрд теңгені (68,2%) және 99,2 млрд теңгені (76,5%) құрайды.

5.1-сурет. МҚҚЖҰ активтерінің серпіні



01.10.2021ж. жағдай бойынша МҚҚЖҰ жиынтық міндеттемелері тоқсан үшін 23,6%-ға ұлғайып, 942,9 млрд теңгені құрады (5.2-сурет).


Жиынтық міндеттемелердің негізгі үлесін алынған қарыздар құрайды - 82,6% немесе 779,1 млрд теңге. МҚҰ-ның жиынтық міндеттемелері есептік күнге 490,4 млрд теңгені құрады, бұл МҚҚЖҰ-ның жиынтық міндеттемелерінің 52,0%-ын құрайды, осы орайда кредиттік серіктестіктер мен ломбардтардың жиынтық міндеттемелері сәйкесінше 365,9 млрд теңгені және 86,6 млрд теңгені құрады.

01.10.2021ж. жағдай бойынша микроқаржылық ұйымның жиынтық меншікті капиталы 557,8 млрд теңгені құрады және негізінен жарғылық капиталдан және үлестірілмеген пайдадан қалыптасты. Үшінші тоқсан бойынша МҚҚЖҰ меншікті капиталы 5,8%-ға немесе 92,8 млрд теңгеге (жылдың басынан 20,0%-ға) ұлғайды (5.3-сурет).


⁶ Алдын ала мәліметтерге сәйкес

МҚҚЖҰ жиынтық меншікті капиталындағы ең көп үлеске кредиттік серіктестіктердің 224,3 млрд теңге немесе 40,2% сомасындағы жиынтық меншікті капиталы алады. Кредиттік серіктестіктер және ломбардтардың жиынтық меншікті капиталы сәйкесінше 213,6 млрд теңге немесе 38,3% және 120,0 млрд теңге немесе 21,5%-ды құрайды.

5.2-сурет МҚҚЖҰ міндеттемелерінің серпіні



5.3-сурет. МҚҚЖҰ меншік капиталының серпіні




5.2. МҚҚЖҰ қарыздар портфелі

2021 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша МҚҚЖҰ жиынтық несие портфелі 1 317,6 млрд теңгені құрап, тоқсан ішінде 7,8%-ға (жылдың басымен салыстырғанда 27,8%-ға) артты, бұл сектордың барлық сегменттерінде жеке тұлғаларға берілген қарыздардың өсуімен байланысты (6.4-сурет).


МҚҚЖҰ-ның негізгі клиенттік базасы несие көлемі 938,9 млрд теңгені немесе МҚҚЖҰ-ның қарыз портфелінің 71,3%-ын (брутто) құрайтын жеке тұлғалар (оның ішінде ДК) болып табылады. Заңды тұлғаларға кредиттер көлемі – 378,7 млрд теңге немесе 28,7%.

Сектордың кредиттерінің сапасы нашарлауда. 01.10.2021ж. жағдай бойынша жиынтық портфельдің мерзімі өткен және жұмыс істемейтін қарыздарының үлесі тиісінше 10,4% және 4,1%-ды құрады (5.5-сурет).

5.4-сурет. Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер



5.5-сурет. МҚҚЖҰ несие портфелінің сапасы



5.3. Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылдың үшінші тоқсанында МҚҚЖҰ-ға қатысты анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша 16 шектеулі ықпал ету шарасы және 25 санкция қолданылды.


МҚҚЖҰ-ға қатысты ықпал ету шараларын қолдануға әкелетін негізгі бұзушылықтар - дәйексіз есеп беру, пруденциялық нормативтерді бұзу, микроқарыз шартының талаптарын бұзу, жалған және жосықсыз жарнамаларды тарату және басқалар болып табылады.

6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау


6.1. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың өтініштерін талдау

2021 жылғы қазанда қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша уәкілетті органға келіп түскен өтініштер саны 14%-ға өсті. Бұл өтініштердегі негізгі мәселе негізінен банктік қарыз шарттары бойынша міндеттемелерді орындау мүмкіндігінің болмауы және Бағдарлама⁷ талаптары бойынша борыштық жүктемені азайту болып табылады.

6.1-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің саны



6.2-сурет. Қаржылық қызметтерді тұтынушылар өтініштерінің құрылымы



2021 жылғы қазанда Агенттік қаржы ұйымдарының, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ коллекторлық агенттіктердің және бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне байланысты жеке және заңды тұлғалардың 1 578 өтінішін (6.1-сурет) қарады.

Азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілері өтініштерінің негізгі үлесі есепті кезеңде өтініштердің жалпы санының 58%-ын құраған банк секторына (банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар) тиесілі (6.2-сурет).

Қаржы нарығының қалған секторлары бойынша үлес былайша бөлінді:

- микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша қаралған өтініштердің жалпы санының – 9%;
- сақтандыру нарығы субъектілері – 3%, коллекторлық агенттіктер бойынша қаралған өтініштердің жалпы санының – 4%;
- өзге де ұйымдар бойынша қаралған өтініштердің жалпы санының 26%-ы.

2021 жылғы қазанда өтініштердің өзекті мәселелері мыналар болды:

1) банк секторында:

- қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру (оның ішінде Бағдарлама шарттары бойынша) және берешекті кешіру;
- басқа банктердегі шоттардағы ақшаға даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алу (төлем тапсырмасын орындау/орындамау);
- банк қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері;
- банк секторы бойынша нормативтік құқықтық актілердің нормаларын түсіндіру.

2) сақтандыру секторында:

- сақтандыру төлемін жүзеге асырмау;

⁷ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 24.04.2015ж. №69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасы

-сақтандыру шартының талаптарын ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру.

3) микроқаржы секторында:

-микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру;

- микроқаржы ұйымының қызметіне тексеру жүргізу туралы
- микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету.

4) коллекторлық агенттіктердің қызметі бойынша:

- коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің заңсыздығы.

6.2 Қолданылған ықпал ету шаралары және санкциялар

2021 жылғы қазан айында екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың әрекеттерінде Қазақстан Республикасының заңнамасының анықталған бұзушылықтары бойынша Агенттік 3 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасын, 2 жазбаша нұсқама мен 11 әкімшілік жаза қолданды, оның ішінде:

1) екінші деңгейдегі банктер – жалпы сомасы 746,4 мың теңгеге 3 әкімшілік жаза, 3 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама бойынша 3 ұсынымдық қадағалап ден қою шарасы;

2) коллекторлық агенттіктер – жалпы сомасы 583,4 мың теңгеге 2 жазбаша нұсқама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы 3 хаттама бойынша 3 әкімшілік жаза.

3) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – 437,6 мың теңге сомасына әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1 хаттама бойынша 1 әкімшілік жаза қолданылды.

Қаржы нарығының секторлары бойынша қаржылық қызметтерді тұтынушылар құқықтарының негізгі бұзушылықтары:

- клиенттерге жауаптарды беру/жіберу фактісін растайтын құжаттарды ұсынбау;
- түскен соманың 100% мөлшерінде төлем талабын орындаудан көрінген Төлемдер туралы заңның 32-бабының 6-тармағын және Банктер туралы заңның 36-бабының 2-тармағын сақтау жөніндегі міндетті орындамау;
- клиенттің төлем қабілеттілігін бағалау және борыштық жүктеме коэффициентін есептеу жөніндегі талаптарды, клиенттің банктік шотынан ақша қаражатын есептен шығару кезіндегі талаптарды сақтамау;
- ақша төлемі және (немесе) аударымы жөніндегі нұсқауды орындаудан бас тарту көзделген Төлемдер туралы заңның талаптарын сақтамау;
- қарыздар бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпаратты жариялау кезінде оны тарату кезінде дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы ставкасын көрсету жөніндегі міндетті орындамау;
- коллекторлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын сақтамау;
- ұйымның интернет ресурсының болмауы.

6.3. Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыру бағдарламасы

Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын (ипотекалық қарыздарды) қайта қаржыландыруды 18 банк және 3 ипотекалық ұйым жүзеге асырады.

2004-2009 жылдар аралығындағы кезеңде ипотекалық қарыздар алған қарыз алушылардың жалғыз тұрғын үйін сақтауға бағытталған Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын қайта қаржыландыру бағдарламасының бірінші бөлігі шеңберінде банктер 01.11.2021 жылға 190,6 млрд теңге сомаға қайта қаржыландыруға 29 679 өтінімді мақұлдады, 179,4 млрд теңге

сомаға 28 765 қарыз қайта қаржыландырылды, оның ішінде 2020 жылдан бастап 21 млрд теңге сомаға 2 115 қарыз қайта қаржыландырылды.

Бағдарламаның екінші бөлігі шеңберінде банктер 2020 жылғы желтоқсанда 01.01.2016 жылға дейін берілген валюталық ипотекалық қарыздарды айырбастауды аяқтады. Бағдарламаның бірінші және екінші бөліктерін іске асыру кезеңінде банктер 222,6 млрд теңге сомасына 27 202 валюталық ипотекалық қарызды айырбастауды жүргізді.

Бағдарламаның үшінші бөлігі шеңберінде банктер ХӨТ санаты бойынша қарыздары Бағдарлама шеңберінде бұрын қайта қаржыландырылған ипотекалық қарыз алушыларға қарыз алушының берешегін азайту және өтеудің жеңілдікті кестелерін белгілеу түріндегі қосымша көмек көрсету, сондай-ақ банк балансындағы жалғыз баспананы қарыз алушының меншігіне қайтару бойынша жұмыс жүргізуде.